Маңғыстау облысының білім басқармасы
«Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» МКҚК

2019-2020 оқу жылында атқарылған іс – шаралар жинағы

Ақтау, 2020ж

Маңғыстау облысының білім басқармасы
«Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» МКҚК

Бұл жинаққа Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының жұмыс жоспарына сәйкес, 2019-2020 оқу жылында ұйымдастырылған іс-шаралары туралы қысқаша мәліметтер енгізілген.

Жинақ беттеріне аудандық/қалалық білім бөлімдері мен білім беру ұйымдары белгілі бір шараларға қатысу арқылы облыс деңгейінде өздерінің алған жүлделі орындары мен рейтінгілері туралы салыстырмалы мәліметтерді табады.

Білім беру ұйымдарында ұйымдастырылған көптеген іс-шараларды зерделей келе мамандар тәжірибе алмаса алады.

Жинақ жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының басшыларымен қызметкерлеріне қосымша құрал ретінде ұсынылады.

Жинақты құрастырғандар: *Туризм-өлкетану бөлімінің жетекшісі Ж.Нұғыманова*
Экология-биология бөлімінің жетекшісі О.Тоқжанов

АЛҒЫ СӨЗ



21.08.2019ж педагогтердің тамыз кеңесі аясында өткізілген **«Туристік – өлкетану қызметі арқылы орта, жалпы білім беруді интеграциялау»** секциялық отырысында «Экологиялық білім арқылы балалар мен жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру»; «Туристік-өлкетану қызметі - азаматтық тәрбие берудің қуатты құралы»; «Мектеп жылыжайы: ізденіс пен тәжірибе»; «Мектеп музейі жұмысын құқықтық ұйымдастыру» тақырыптарында баяндамалар оқылып, пікіралмасу барысында:

- Білім беру мекемелерінде экологиялық білім беру қызметін сапалы ұйымдастыру;
- Үйірме жұмыстарын жандандыру;
- Оқушыларды жорықтар мен саяхат, экскурсияларға жиі шығару;
- Өлке туралы экскурсиялар, саяхаттар, геологиялық және археологиялық жұмыстар ұйымдастыру;
- Жалпы адамзаттық құндылықтар туралы түрлі патриоттық сайыстар, байқауларды жиі өткізу;
- Мәдени мұра, тарихи тұлғалар туралы деректі фильмдер, бейнероликтер, буклеттер, альбомдар т.б. жасақтау;
- Өлкетану пәнін тарихи-мәдени орындарда, саяхат түрінде өткізу (тарих, география, музыка, әдебиет пәндері);
- Мектеп жылыжайларының жұмысын жолға қою;
- Жылыжайды күтіп ұстау, жарық, жылу жүйелерін жөндеуге жауапты маман бекіту;
- Жылыжай өнімдерін мектеп асханасы арқылы оқушыларға экологиялық таза, дәрумені өнім ретінде ұсыну;
- Өнімдерден түскен қаржыны мектептің ата-аналар кеңесі арқылы кірістеп, тиісті шараларға жұмсау;
- «Жасыл мектебім-жасыл мекенім» жобасының бес бағытын жүзеге асыру;
- Музей жұмысына облыс, аудан/қалалардағы музей қызметкерлерінің әдістемелік көмегін ұйымдастыру;
- Оқушылар арасынан экскурсоводтар дайындау;
- Мектеп музейлеріне көршілес мектеп оқушыларының, мүмкіндігінше облыс оқушыларының келуін ұйымдастыру;
- Музей жәдігерлерін мектептерге жылжымалы көрме түрінде көрсету тәрізді ұсыныстар қабылданып, секция хаттамасы аудандық/қалалық білім бөлімдеріне жіберілді.

Міне, осы ұсыныстарды жүзеге асыру барысында 2019/2020 оқу жылында орталық қызметкерлері 6 семинар, 9 қашықтық сабақтары мен 17 танымдық шараларын ұйымдастырып, әлеуметтік желілерге «Қауіпсіздік белдігі», «Жіп байлау тәсілдері», «Алау түрлері», «Шатыр құру», «Мектеп жылыжайлары» бейнероликтері салынды.

Туризм-өлкетану, экология-биология бағытындағы шаралардың көбі жаз айларына жоспарланып, пандемия кезінде кейінге шегертілді. Алайда, Алтын Орданың 750 жылдығына орай педагогтер арасында ұйымдастырылған виртуалды саяхат сабақтарына қатысушылардың көптігіне қарағанда, мағыналы жұмыс болғандығын көрсетті. Онлайн форматта орталық қызметкерлері ұйымдастырған шаралар әлеуметтік желілерде кеңінен таралды. Білім басқармасының «Киелі Маңғыстау» 10 туристік экспедициялық маршрут жобасы бойынша жадынамалар әзірленіп, бейнероликтер дайындалды.

Республикада 2018 жылдан бері қолға алынған «Өлкетану» оқулығы бойынша өткізілген семинар нәтижесінде білім беру ұйымдары оқулықтың пайдаланылуына назар аударды.

Оқушылардың тақырыптық бейнеролик жасау байқауларына қызығушылықтарының жоғары екендігі байқалды.

Облысымызда 139 жалпы білім беретін мектеп жұмыс жасаса, солардың тек қана 36 - сында музейлер ашылған. Тамыз кеңесінен кейін шағын кабинеттер ашылып, музей бағытында жұмыстар үйлестірілуде. Мектептерге әдістемелік көмек ретінде әр аудан, қала бойынша мектеп музейлері туралы роликтер дайындалып, білім басқармасы мен орталық сайтына салынды. Музей жұмысына оқушыларды тартуда дәстүрлі гид-экскурсовод байқауларына мән берілуде. Хакім Абайдың туғанына 175 жыл, Ұлы Отан Соғысы жеңісіне 75 жыл толуларына орай, мектеп музейлеріндегі бұрыштар мен тақырыптық стендттер бойынша бейнеролик, шығарма, суреттер байқаулары арқылы музей жұмыстары насихатталды.

Азаматтық жауапкершілікті және Отанға, мемлекеттік рәміздерге деген құрмет, елге, жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру бағытында қашықтықтан танымдық шаралары өткізіліп, әлеуметтік желілерге орналастырылды.

Орталықтағы ең ауқымды шаралардың бірі – вариативті сағаттардың, яғни, оқушыға берілетін қосымша білім беру, факультатив сағаттар мен үйірмелердің жұмыстарын зерделеу болды. Білім басқармасының 13.01.2020ж №05-нқ бұйрығы негізінде облыстағы 96 мектептің вариативті сағаттар бойынша жұмыстары қаралып, байқалған кемшіліктерді жою мақсатында білім бөлімдеріне арнайы хат жолданды. Бұл бағыттағы жұмыстарға көрсетілетін әдістемелік көмек түрлерін жандандыру мақсатында Ақтау қаласындағы М.Әуезов және Ф.Оңғарсынова аттарындағы №20, 29 мектептер сынақ алаңына алынып, тиісті жұмыстар үйлестірілуде. Облыстың білім жүйесінде жалпы және қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірменің бағдарламаларына енгізілген тұлғаның рухани-адамгершілік және зияткерлік қасиеттері

компоненттерін жетілдіру мақсатында алғаш рет ағымдағы жылдың қараша айында «Мектеп үйірмесі-2020» байқауы өткізілгелі отыр.

Орталықтың әдістемелік қызметкерлері мен өткізіліп отырған шараларына белсенді араласып, құнды ұсыныстарымен, тәжірибелерімен бөлісіп келе жатқан Ақтау қаласы, №8 және С.Қондыбай атындағы №22 орта мектептердің география пәні мұғалімдері Қаржауов Төлеген, Татикова Ғалия; Жаңаөзен қаласы, №1 орта мектептің биология пәні мұғалімі Есенова Камшат, Бейнеу ауданы, Бейнеу орта мектебі мен Үстірт орта мектебінің биология пәні мұғалімдері Тауманова Майнұр, Шаханова Сәуле; Түпқараған ауданы, Ақшұқыр мектеп - лицейі мен М.Горький атындағы мектеп – лицейінің биология-география пәні мұғалімдері Кужакова Гүлмира, Джумашев Біржан; Маңғыстау ауданы, Өтес орта мектебінің биология пәні мұғалімі Кемалова Саясат ұстаздарымызға және «Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті», «Ішкі істер департаменті», «Батысқазжерқойнауы» өңірлік геология департаментінің инспекциясы, «Маңғыстау облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті», «Маңғыстау облысының инвестициялар және туризмді дамыту басқармасы», «Денсаулық сақтау басқармасы», «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы», «Облыстық тарихи-өлкетану музейі», «Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы», «Маңғыстау тәжірибелік ботаникалық бағы», «Облыстық Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мекемелеріне бірлестікте атқарған қызметтері үшін алғыстарымызды білдіреміз.

Қадірлі ұстаздар! Орталық жаңа оқу жылында экологиялық білім беру, мектеп музейі қызметі мен вариативті сағаттарды үйлестіру, сонымен қатар, оқушылардың бейнероликтері мен жарнамалық жұмыстарына басымдық беретінін назарларыңызға бере отырып, өздеріңізден облыстық іс-қимыл жоспарына енгізетін сапалы ұсыныстар күтеді!

Темірланова Аяжан Темірланқызы
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы директорының міндетін атқарушы

Кең дүниенің қай бұрышына барсам да алдымен Атамекенімнің бір қасиеті шыға келетіндей болады да тұрады. Сол қасиет мені оған қайтадан ынтықтырып, қайтадан оған жетуге асықтырады. Соның сырына түсем деп жүріп, күллі дүниенің сырына, соның тарихын білем деп жүріп, күллі адамзат тарихына құштар болдым. Бұл шексіз де, шетсіз кең даласы бар, киелі де қасиетті, кіндік қаным тамып, тұсау жібім кесілген атамекенім-Маңғыстауым.

Әбіш Кекілбаев

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІ

Балалар мен жасөспірімдер туризмі тұлғаны тәрбиелеудің, салауатты өмір салтын насихаттаудың, өскелең ұрпақтың бос уақытын және жұмысын белсенді етіп ұйымдастырудың, сондай-ақ табиғатты аялауға тәрбиелеудің бірегей моделі болып табылады. Жалпы, бұл сала балаларға өз туған елі мен жерінің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін танытуда ерекше маңызға ие.

Балалар туризмін түрлі саяхаттар мен жарыстар, байқаулар негізінде жолға коюда қосымша білім беру ұйымдарына үлкен жүк артылады. Қосымша білім беру ұйымдары – балаларға арналған әлеуметтік институт.

Осы орайда, «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» туристік-өлкетану бағытындағы жұмыстарды насихаттау мақсатында 2019-2020 оқу жылында мұғалімдер мен оқушылар арасында әдістемелік семинар - кеңестер, байқаулар, туристік слёттер, саяхаттар өткізіп, барлығы 14 іс-шара ұйымдастырды.

Бұл жинақта орталықтың бүгінгі таңда атқарып отырған жұмыстары мен ұсыныстары көпшілік назарына ұсынылады.

Өлкемізде балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуда жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының жемісті қызмет атқаруына тілектеспін!

Құрметті оқушылар мен ата-аналар! Сіздерге Маңғыстау облысының білім басқармасының «Киелі Маңғыстау» атты 10 экскурсиялық туристік маршруттар жобасын назарларыңызға ұсына отырып, тарихи нысандарға саяхаттауға және бірлестікте жұмыс жасауға шақырамын!

Нұғыманова Жанар Мейрамбекқызы,
туризм-өлкетану бөлімінің жетекшісі

«Киелі Маңғыстау» атты 10 экскурсиялық туристік маршруттар




«Жыныған шұңқырының құпиясы» экскурсиясы
Жыныған
Тамшалы
Қопамсай
МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ
Ақтау
Ақшұқыр
Сайын Шапағатов
Форт-Шевченко
Тамшалы
Жыныған
Қопамсай
Қашықтығы: 215 км
Туризм түрі: танымдық экскурсия
Қатысушылар құрамы: 20-23 адам
Экскурсия құны: 1 топқа - 150 000тг
Қосымша қызметтер:
Автобус
Гид-экскурсовод қызметі

ОТПАН ТАУ
АЙРАҚТЫ ТАУЫ
МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ
Ақтау
Ақшұқыр
Сайын Шапағатов
Шетпе
С.Қонтыбай музейі
Кегез этноауылы
Айрақты тауы
Отпан тау
Қашықтығы: 139км
Туризм түрі: танымдық экскурсия
Қатысушылар құрамы: 20-23 адам
Экскурсия құны: 140000
Қосымша қызметтер:
Автобус
Гид-экскурсовод қызметі


Маршрут бағыттары
Ақтау
Қарақия
Жетібай
Жаңаөзен
Қызылсай
Боқты
Қызылқұп
Қашықтығы: 260км
Туризм түрі: танымдық экскурсия
Қатысушылар құрамы:20-23 адам
Экскурсия құны 180000
Қосымша қызметтер:
Автобус
Гид-экскурсовод қызметі
СӘРУАРЛЫ МЕКЕН ҚЫЗЫЛҚҰП
БОҚТЫ ТАУЫ
Боқты тауының теңіз деңгейінен 165, 8 метр жоғары, Үстірт шыңының батыс бөлігінде орналасқан.
ҚЫЗЫЛҚҰП
Қызылқұп-қызыл бор қабатымен жуылған төбелерден тұрады. Маңғыстау облысындағы ең ғажайып көз тартымды жерлердің бірі.

ТАСТЫ ШАРЛАР АЛҚАБЫ
Тарихы
Сұраңқаны
МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ
Ақтау – Ақшұқыр – Сайын Шапағатов – Тәушық – Торыш – Құмақаңа – Сұраңқаны
Қашықтығы: 150 км
Туризм түрі: танымдық экскурсия
Қатысушылар құрамы: 20-23 адам
Экскурсия құны: 1 топқа - 150 000тг
Қосымша қызметтер: Автобус, гид-экскурсовод

Тұзбайыр
Тұзбайырда күннің өзі тұзды
Тұзбайыр соры – Үстіртті Батыс шыңдарынан шығысқа ал Манат тарихи деңгейінен оңтүстікке қарайғы алаңқайды алып жатыр.Жергілікті халық «Тұзбайырда күннің өзі тұзды» деп қалжыңдайтынын бекер емес, себебі ондағы шақпақ тастар мен түрлі минералдар күн сәулесін одан сайын жарқырата түсетіндей.
МАРШРУТ БАҒЫТТАРЫ
Ақтау
Қарақия
Жетібай
Шетпе
Тұзбайыр
Қашықтығы: 222 км
Туризм түрі: танымдық экскурсия
Қатысушылар құрамы: 20-23 адам
Экскурсия құны: 170000
Қосымша қызметтер:
Автобус
Гид-экскурсовод қызметі

«ТУРИЗМ ІСІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ҚАШЫҚТЫҚ САБАҒЫ

Орталықтың іс-қимыл жоспарына сәйкес, 2019 жылдың 23 қазан күні Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп-лицейінде білім беру ұйымдарының педагогтары мен үйірме жетекшілері арасында «Туризм ісіндегі қауіпсіздік шаралары» тақырыбындағы онлайн қашықтық сабағы өткізілді.

Сабақ мақсаты - үйірме жетекшілеріне туризм ісінде сақталуға тиіс қауіпсіздік шараларын түсіндіру. Қашықтық сабағына білім беру ұйымдарынан 80-ге жуық қатысушы қатысты.

Орталықтың туризм-өлкетану бөлімінің жетекшісі Сұлтан Қазыбек қашықтық сабағын ашып, туризм ісіндегі қауіпсіздік шараларының маңызы туралы айтты.

Сабақ барысында М.Горький атындағы мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі Джумашев Биржан Бимұханбетұлы туризм туралы жалпы түсініктер, туризмде және туристік жорықтарда сақталу керек қауіпсіздік шаралары, дәрежелі және категориялық жорықтардың нормативтері, спорттық көпсайыстар кезіндегі қауіпсіздік техникасы, жеке - топтық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану керектігі жөнінде баяндады.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Туристік-өлкетану бағытындағы жұмысты жандандыру мақсатында тоқсанына бір рет іс-тәжірибелерімен бөлісу үшін семинарлар, шеберлік – сыныптар, онлайн қашықтық сабақтарын ұйымдастыру.

Сілтемесі:
https://mangystau.edu.kz/kz/press/novosti_sobytiya/novosti_upravleniya?title=«turizm_yisyindegyi_kauyipsyizdyik_sharalaryi»_kashyiktyik_sabak_132&page=6

«ӨЛКЕТАНУ ОҚУЛЫҒЫ: САЯХАТ САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР-КЕҢЕС

Орталықтың іс- қимыл жоспарына сәйкес, а.ж. 27 ақпан күні Ақтау қаласы, Ф.Оңғарсынова атындағы №29 орта мектебінде облыстық білім беру ұйымдарында өлкетану бағытында үйірме және «Өлкетану» оқулығын жүргізіп отырған мұғалімдерге тәжірибе алмасу және бағыт-бағдар беру мақсатында «Өлкетану оқулығы: Саяхат сабақтарын ұйымдастырудың тиімді жолдары» тақырыбында әдістемелік семинар - кеңес өткізілді.

Кеңесте Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі Джумашев Біржан Бимұханбетұлы «Туристік жорықтар кезіндегі қауіпсіздік шаралары» тақырыбындағы баяндамасында оқушылармен саяхат сабақтары және категориялық жорықтар өткізу тәртіптері, сақталу керек қауіпсіздік шаралары туралы таныстырды.

Маңғыстау ауданы, Өтес орта мектебінің география пәні мұғалімі Надирова Гүлсім Құрманбайқызы «Мектептегі туристік-өлкетану жұмыстары арқылы оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу» тақырыбында оқушылардан құралған «Көкжиек» және «Сейсмо-8» тобымен Маңғыстау өлкесінің Сай Өтес, «Ман Ата», «Сисем Ата» тарихи орындарына, «Бұлыойық», «Қараған» үңгірлеріне жасалынған жаяу жорықтары, «Тұзбайыр» өлкесінің жыныстары мен минералдарын зерттеу барысында «Ежелгі Тетис» көлінде өмір сүрген акула тістерін тауып, олардың жасын анықтағаны жайында және жасалынған жорықтарының интерактивті картасын құрып, 3D панорама үлгісінде жүктелген «QR-Mangystau» мобильді қосымшасымен таныстырды.

Үйірме жетекшісі болып атқарған 10 жыл ішінде атқарылған еңбегінің нәтижесінде ҚР-нан «Әлем мұғалімі» Халықаралық сыйлығы, Республикалық ғылыми жобалар конкурстарының I дәрежелі орындары, облыстық «Маңғыстау – Серікбол» зияткерлік сайысының I дәрежелі орындары сынды әртүрлі аудандық, облыстық, республикалық деңгейде алғыс хаттармен марапатталған.

Шымкент қаласының білім басқармасының ұсынысымен облыс аралық онлайн-семинарлар өткізген.

«Тарихқа тұнған туған өлкем» тақырыбында Бейнеу ауданы Боранқұл орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Боранова Алмагүл оқушылармен Бейнеу ауданының «Бекет-Ата» жер асты мешіті, «Манашы сай», «Көркембай Ата» мешіті тарихи-мәдени ескерткіштеріне жасалынған саяхаттары, орындарда жүргізілген тазалық, көгалдандыру жұмыстары жөнінде және алдағы жоспарланған саяхаттарымен бөлісті.

СЕМИНАР ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. Жалпы үйірме және факультатив жұмыстарын жандандыру;
2. Мұғалімдер арасында өлкетану, елтану бағыттарында семинарлар, жорықтар, экскурсиялар және демалыс күнгі жаяу жорықтарды жиі ұйымдастыру;
3. Мектептердегі үйірмелерде туристік материалдық-техникалық базаны құру, жақсарту жұмыстарын қолға алу.

Сілтемесі:
https://ocdt.kz/kz/zhanalyktar/ortalyq_zhanalyqtary?title=«olketanu_okulyigyi:_sayahat_sabaktaryin_uyyimdastyirudyin_tiyimdyi_joldaryi»_adyistemelyik_kenesyi_150

«БЕЛСЕНДІ ТУРИЗМ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОНЛАЙН ПРАКТИКУМ-СЕМИНАР

Ағымдағы жылдың 19 маусым күні жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының «Туризм», «Өлкетану» үйірмесінің педагогтарына әдістемелік көмек көрсету, олардың кәсіби шеберлігін арттыру, оқушылармен жасалатын жұмыстың оңтайлы әдістерін үйрену мақсатында, ZOOM платформасы арқылы «Белсенді туризм түрлері және оның функциялары» тақырыбында онлайн практикум - семинары өткізілді.

Семинардың бекітілген бағдарлама сына сәйкес, туризм-өлкетану бөлімінің нұсқаушысы Тегісбай Мұстафа Қыдырғалиұлы **«Қауіпсіздік белдік түрлерін байлау»** тақырыбында семинарға қатысушыларға қауіпсіздік белдігін туристік жіп арқылы жасауға болатындығы туралы көрсетсе, Исметұлла Бақытжан Азаматұлы **«Жасанды жартасқа шығу техникасы мен тактикасы» және «Арнайы құралдармен биіктікке шығу тәсілдері»** тақырыбында іс-тәжірибе бөлісу барысында теория мен практиканы

ұштастыра отырып, педагогтардың кәсіби дамуына арналған шеберлік сынып жүргізді.

СЕМИНАР ҰСЫНЫСТАРЫ:

- Педагогтар білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану бағытындағы жұмысты жандандыру мақсатында тоқсанына бір рет іс-тәжірибелерімен бөлісу үшін семинарлар, шеберлік - сыныптар ұйымдастыру;
- Педагогтардың теориялық, практикалық біліктіліктерін арттыру мақсатында облыстық, республикалық деңгейдегі курстарға қатыстыру.

Сілтемесі:
https://ocdt.kz/kz/zhanalyktar/ortalyq_zhanalyqtary?title=«belsendyi_turizm_turleryi_jane_onyin_funktsiyalaryi»_onlayn_praktikum_seminaryi_730

ПЕДАГОГ ОТБАСЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ «ӘКЕМ, АНАМ ЖӘНЕ МЕН – ТУРИСТІК ОТБАСЫ» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ

Орталық 2019 жылдың 18 қыркүйек күні «Дарын» қосымша білім беру орталығының «Балдәурен» демалыс базасында отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу, балалар мен ата-аналардың өлкетану, туризмге деген қызығушылықтарын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында, педагог отбасылары арасындағы **«Әкем, анам және мен – туристік отбасы»** облыстық байқауын өткізді.

Шараға аудан/қаладан отбасылық топтар және орталық мамандары қатысып, барлығы 35 адам қамтылды.

Байқау қатысушылары *«Таныстыру», «Менің отбасым болған жерлер», «Туристік маршрут», «Шатыр құру», «Жылдамдық сұрақтары» және «Ас дайындау»* номинациялары бойынша бағаланып, төмендегідей жүлделі орындарға ие болды.

I орын - Қарақия ауданы, №8 орта мектебінің «Шаңырақ» тобы, Шагировтар әулиетіне;

II орын - Жаңаөзен қаласы, №18 орта мектебінің «Қыран» тобы, Ақмолдаевтар әулиетіне;

III орын - Түпқараған ауданы, Е.Өмірбаев атындағы орта мектебінің «Барыс» тобы, Кәрімовтар әулиетіне;

IV орын - Маңғыстау ауданы, А.Меңдалыұлы атындағы орта мектебінің «Шаңырақ» тобы, Шаңытбаевтар әулиетіне берілді.

Жеңімпаз топтар Білім басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Сілтемесі:
https://mangystau.edu.kz/kz/press/novosti_sobytiya/novosti_upravleniya/?title=«akem,_anam_jane_men_–_turistyik_otbasyi»_oblyistyik_baykauyi_719&page=7

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ АЛУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК СЛЕТІ

2019 жылдың 27-28 қыркүйек күндері «Отпан тау» тарихи-мәдени кешені және «Ақмыш» демалыс орындарында жастардың туристік - спорттық дайындығын дамыту және туристік көпсайысты насихаттау, туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасына, кіші Отанын зерттеуге тарту мақсатында **«Халықаралық туризм күніне»** арналған техникалық және кәсіптік білім алушылар арасындағы туристік слеті ұйымдастырылды.

Слетке облыстағы колледждерден 90 білім алушы қатысты.

Слеттің ашылу салтанаты «Отпан тау» тарихи-мәдени кешенінде өткізіліп, қатысушылар «Топтың визит карточкасы» «Туған өлке соқпақтары», «Жасыл оазистер», «Экологиялық соқпақ» номинациялары бойынша тапсырмаларды орындады.

2-ші күні топ мүшелері «Ақмыш» демалыс орнында «Біріктірілген туризм» (соқпақтардан өту, биіктікке көтерілу, параллельді кедергі, аспалы өткел, маятник, бөренеден өту, алау жағу) және «Үздік аспаз» номинациялары бойынша өзара бақ сынасты. Слет соңында қатысушылар «Ақмыш» демалыс орнына тазалық жұмыстарын жүргізді.

Бас жүлде – Түпқараған ауданы, Түпқараған гуманитарлық-техникалық колледжінің «Ақкетік» тобына;

I орын – Ақтау қаласы, Маңғыстау туризм колледжінің «362» тобына;

II орын - Қарақия ауданы, Қарақия кәсіптік колледжінің «Қарақия жастары» тобына берілді.

Жеңімпаздар Маңғыстау облыстық білім басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Сілтемесі:
https://mangystau.edu.kz/kz/press/novosti_sobytiya/novosti_upravleniya/?title=«halyikaralyik_turizm»_turistyik_sletyi_875&page=7

«ҮЗДІК ГИД - ЭКСКУРСОВОД» ОБЛЫСТЫҚ САЙЫСЫ

2019 жылдың 13 қараша күні оқушылар арасында өлкенің тарихи-мәдени мұрасын насихаттау, олардың ізденушілік, ғылыми - зерттеу жұмыстарының белсенділігін арттыру және білім берудің, тәрбиелеудің кеңістігі ретінде мектеп музейі қызметін қалыптастыра отырып, үздік гид-экскурсоводты анықтау мақсатында **«Ең үздік гид экскурсовод»** облыстық сайысы өткізілді.

Сайыс ережесіне сәйкес, «Үздік музей таныстырушы» номинациясында экскурсоводтар өздері білім алатын оқу орнындағы музейді бейнеролик арқылы көрсетсе, «Экскурсоводтың жеке шығармашылығы» номинациясында қатысушылар Маңғыстаудың тарихи - мәдени орындарында туризмді дамыту бойынша өз шығармашылығынан дайындалған туындымен таныстырды.

«Үздік музей таныстырушы» номинациясында Түпқараған ауданының қатысушысы Амангелді Нұрай түркітанушы ғалым Ғұбайдұлла Айдаров атындағы мектеп музейін үш тілде түсіндіру арқылы ерекшеленді.

«Үздік музей таныстырушы» номинациясы бойынша:

I орын - Түпқараған ауданы, Ғ.Айдаров атындағы №1 мектеп-лицейінің оқушысы Амангелді Нұрайға;

II орын - Ақтау қаласы, С.Қондыбай атындағы №22 орта мектебінің оқушысы Иманғали Анел мен Мұнайлы ауданы, №10 орта мектебінің оқушысы Сейіт Мақсатқа;

III орын - Бейнеу ауданы, Атамекен орта мектебінің оқушысы Парахатов Нұрсұлтан мен Маңғыстау ауданы,

А.Өтепбергенов атындағы орта мектебінің оқушысы Әділжанқызы Гүлназға берілді.

«Экскурсоводтың жеке шығармашылығы» номинациясынан:

I орын - Мұнайлы ауданы, №4 орта мектебінің оқушысы Ақмұрат Бекболатқа;

II орын - Бейнеу ауданы, Атамекен орта мектебінің оқушысы Кенжебаев Жандос пен Түпқараған ауданы, Шахта орта мектебінің оқушысы Төлепова Гүлжазираға;

III орын - Маңғыстау ауданы, А.Өтепбергенов атындағы орта мектебінің оқушысы Құлтөреева Гүлімай мен Ақтау қаласы, №3 орта мектебінің оқушысы Утебаева Әселге берілді.

Сілтемесі:
https://mangystau.edu.kz/kz/press/novosti_sobytiya/novosti_upravleniya?title=«en_uzdyik_gid_-ekskursovod»_oblyistyik_sayyisyi_772&page=6

«ЕРЛІКТЕРІҢ ҰРПАҚ ЕСІНДЕ!» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ

2019 жылдың 12 желтақсан күні Ақтау қаласы, Н.Оңдасынов атындағы №5 орта мектебінде Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру аясында жасөспірімдердің бойына Отансүйгіштік, патриоттық сезімдерін қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында **«Ерліктерің ұрпақ есінде!»** облыстық байқауы өткізілді.

Шара байқау ережесіне сәйкес 4 номинация бойынша ұйымдастырылды. «Ешкім де ешнәрсе де ұмытылмайды!» номинациясында – Желтоқсан оқиғасына қатысушылар туралы деректер жинақтау, кездесу кеші, Желтоқсан боздақтарына арналған мектеп музейлерінде көрмелер

ұйымдастыру, бейнебаяндар түсіру арқылы іздеу-зерттеу жұмыстары қорғалып, «Желтоқсан жырлайды» жас ақындар номинациясымен жалғасын тапты.

«Желтоқсан ызғары» номинациясында қазақтың жас жігіттері мен қыздарының ар намыс пен елдік рух жолында теңдікті талап еткен тегеурінді күш қайнарының тоғысқан шағы бейнероликті сахналық қойылымымен көрсетілді. Шара соңы «Менің Отаным – Қазақстан» патриоттық әндер номинациясымен аяқталды.

«Ешкім де ешнәрсе де ұмытылмайды!» номинациясы бойынша:

I орын – Қарақия ауданы, №4 орта мектебінің 7 сынып оқушысы Бекібай Нұрғайнаға;

II орын – Мұнайлы ауданы, №1 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Орунбаева Жұлдызға;

III орын – Бейнеу ауданы, Бейнеу гимназиясының 9 сынып оқушысы Мырзашева Жанат пен Маңғыстау ауданы, Е.Айшуақұлы атындағы орта мектебінің 9 сынып оқушысы Түлейбай Әзизаға берілді.

«Желтоқсан жырлайды» жас ақындар номинациясы бойынша:

I орын – Ақтау қаласы, №13 мектеп-гимназиясының 8 сынып оқушысы Өтегенова Гүлнарға;

II орын – Бейнеу ауданы, Сам орта мектебінің 8 сынып оқушысы Аушанов Ерсұлтанға;

III орын – Жаңаөзен қаласы, №7 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Наурызханова Ұлболсын мен Мұнайлы ауданы, №3 орта мектебінің 9 сынып оқушысы Насырылла Ақзияға берілді.

«Желтоқсан ызғары» сахналық қойылым номинациясы бойынша:

I орын – Қарақия ауданы, №6 орта мектебінің 9 сынып оқушысы Нұрғайынова Назираға;

II орын – Бейнеу ауданы, Бейнеу гимназиясының 9 сынып оқушысы Нәбілова Гүлжайнаға;

III орын – Түпқараған ауданы, Ж.Мыңбаев атындағы мектеп-гимназиясының 10 сынып оқушысы Маратов Ернар мен Мұнайлы ауданы, №4 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Абишев Құрбанбекке берілді.

«Менің Отаным – Қазақстан» патриоттық әндер номинациясы бойынша:

I орын – Түпқараған ауданы, Ақшұқыр мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы Арыстанова Жұмазияға;

II орын – Ақтау қаласы, №11 мамандандырылған физика-математика мектебінің 7 сынып оқушысы Асғатов Бекарысқа;

III орын – Мұнайлы ауданы, №1 орта мектебінің 10 сынып оқушысы; Уткелбай Жасұлан мен Маңғыстау ауданы, М.Атымов атындағы орта мектебінің 9 сынып оқушысы Нұрланұлы Айдынға берілді.

Сілтемесі:
https://mangystau.edu.kz/kz/press/novosti_sobytiya/novosti_upravleniya?title=«erlyi kteryin_urpak_esyinde!»_oblyistyik_baykauyi_265&page=5

«МАҢҒЫСТАУНАМА-2019» ОБЛЫСТЫҚ ТАНЫМДЫҚ БАЙҚАУЫ

Білім басқармасының іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2019 жылдың 25 желтоқсан күні Ақтау қаласы, С.Қондыбай атындағы №22 орта мектебінде **«Маңғыстаунама - 2019»** облыстық танымдық шарасы өткізілді.

Байқау мақсаты – жалпы білім беретін ұйымдардың оқушыларын еліміздің өткенін біліп, өлкеміздің этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, дүниетанымын білуге ұмтылдыру, қызығушылықтарын ояту.

Байқау мектептің ән-саз пәні мұғалімі Ж.Айтымованың орындауындағы «Маңғыстау» әнімен ашылып, С.Қондыбайдың шығармашылығындағы кездесетін тарихи тұлғалардың, тарихи оқиғалар өткен жерлердің көріністерінен сурет салу, «Мың жылдық тарихы бар Маңғыстауым» жас ақындар шығармашылығы және Маңғыстау туралы сазгерлердің туындыларынан ән орындау номинациялары бойынша жүргізілді. Шараға қатысушылар мектеп жанындағы Серікбол Қондыбай атындағы мемориалдық музейде болып, салған суреттерін мектеп музейіне тарту етті.

Қазылар алқасы қатысушылардың еңбектерін бағалап, төмендегідей марапаттарға **ҰСЫНДЫ:**

1. «Ғалым С.Қондыбайдың шығармашылығынан сурет салу» номинациясы бойынша:

I орын – Ақтау қаласы, №16 орта мектебінің 8 сынып оқушысы Арманұлы Әлішерге;

II орын – Жаңаөзен қаласы, №1 орта мектебінің 8 сынып оқушысы Дауылбай Бегімбет пен Мұнайлы ауданы, №1 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Жунусова Маликаға;

III орын – Ақтау қаласы, №5 орта мектебінің 8 сынып оқушысы Мақұлбек Дулатқа, Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы Айбулатова Айнұр мен Қарақия ауданы, Қашаған орта мектебінің 9 сынып оқушысы Құрмантай Ұлдайға берілді.

2. «Мыңжылдық тарихы бар Маңғыстауым» жас ақындар номинациясы бойынша:

I орын – Мұнайлы ауданы, №6 орта мектебінің 11 сынып оқушысы Жалғасова Алияға;

II орын – Бейнеу ауданы, Сам орта мектеп-балабақша кешенінің 11 сынып оқушысы Айладырова Сымбат пен Қарақия ауданы, №3 орта мектебінің 11 сынып оқушысы Алиев Жанболатқа;

III орын – Ақтау қаласы, №21 орта мектебінің 8 сынып оқушысы Жолдасбаева Жанерке, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр мектеп-лицейінің 8 сынып оқушысы Тұрарбек Мерей мен Түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 10 сынып оқушысы Әділбаева Қадишаларға берілді.

3. «Маңғыстау сазгерлерінің туындысынан ән/терме орындау» номинациясы бойынша:

I орын – Ақтау қаласы, №5 орта мектебінің 10 сынып оқушысы Нығмет Арайға;

II орын – Бейнеу ауданы, Бейнеу лицейінің 11 сынып оқушысы Қуанышұлы Досбол мен Маңғыстау ауданы, Т.Жалғасбайұлы атындағы орта мектебінің 9 сынып оқушысы Тілеубай Ақжолға;

III орын – Қарақия ауданы, №3 орта мектебінің 9 сынып оқушысы Құдайберген Әсет, Мұнайлы ауданы, №11 орта мектебінің 11 сынып оқушысы Сәрсенбай Қуаныш пен Жаңаөзен «Білім-инновация» лицейінің 11 сынып оқушысы Оңғарбаев Дарханға табысталды.

Жеңімпаздар Білім басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Сілтемесі:

https://mangystau.edu.kz/kz/press/novosti_sobytiya/novosti_upravleniya?title=mangyistaunama-2019_oblyistyik_tanyimdyik_baykauyi_992&page=5

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ МУЗЕЙЛЕРІНДЕГІ «ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ ПЛАКАТТАР БАЙҚАУЫ

2020 жылдың 15 мамыр күні жасөспірімдердің бойында тарихи құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, отансүйгіштік, патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында, білім беру ұйымдарының музейлерінде **«Отан қорғаушылар»** облыстық экспозициялық плакаттар байқауы сырттай ұйымдастырылды.

«Маңғыстау Ұлы Отан соғысы жылдарында» тақырыбындағы плакаттар Ұлы Отан соғысы кезіндегі Маңғыстаудағы тұрмыс, ел жағдайы, білім алу және фронтка көмек көрсету сәттері туралы мектеп музейі, архивтік материалдар мен ақын-жазушылардың шығармаларына сүйене отырып салынды.

«Ұлы жеңіске 75 жыл» тақырыбындағы экспозициялық плакаттар Ұлы Отан соғысы жылдарына арналған мектеп музейі бұрышындағы материалдар бір плакатқа кірістіріліп, жарнама үлгісінде жасалды.

«Маңғыстау Ұлы Отан соғысы жылдарында» номинациясы бойынша:

II орын – Түпқараған ауданы, С.Шапағатов атындағы мектеп-гимназиясының 8 сынып оқушысы Нағметулла Нұрлан мен Бейнеу ауданы, Бейнеу лицейінің 9 сынып оқушысы Жаңғабаев Жасұланға;

III орын – Ақтау қаласы, Ф.Оңғарсынова атындағы №29 орта мектептің 9 сынып оқушысы Көбенғалиева Гүлназ бен Маңғыстау ауданы, А.Өтепбергенов атындағы орта мектебінің 7 сынып оқушысы Бөлекбаева Гүлназға;

IV орын – Маңғыстау ауданы, С.Жаңғабылов атындағы орта мектебінің 8 сынып оқушысы Қанат Расул мен Бейнеу ауданы, Опорный орта мектебінің 10 сынып оқушысы Жақашев Қуанәліге берілді.

«Ұлы жеңіске 75 жыл» номинациясы бойынша:

I орын – Бейнеу ауданы, М.Бегенов атындағы орта мектебінің 7 сынып оқушысы Берікқызы Саяжанға;

II орын – Ақтау қаласы, Ф.Оңғарсынова атындағы №29 орта мектебінің 9 сынып оқушысы Кусумбаев Ғибрат пен Маңғыстау ауданы, Жармыш орта мектебінің 7 сынып оқушысы Қанат Жадыраға;

III орын – Түпқараған ауданы, С.Шапағатов атындағы мектеп-гимназиясының 8 сынып оқушысы Сансызбаева Камила мен Ақтау қаласы, Ф.Оңғарсынова атындағы №29 орта мектебінің 6 сынып оқушысы Кусумбаева Саулеге;

IV орын – Бейнеу ауданы, Қ.Бақтыбайұлы атындағы өнер мектебінің 4 сынып оқушысы Бердіғали Сымбат пен Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің 9 сынып оқушысы Эдилбаев Елдоса берілді.

АЛТЫН ОРДАНЫҢ 750 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ҮЗДІК АШЫҚ САБАҚ» ЖӘНЕ «САРАЙШЫҚ ЖЕРІНЕ ВИРТУАЛДЫ САЯХАТ» БАЙҚАУЛАРЫ

2020 жылдың 22 мамыр күні Алтын Орданың 750 жылдығы аясында тарих, география пәні мұғалімдері мен «Өлкетану» үйірмелері жетекшілерінің рухани– мәдени мұраларды сақтау, ел тарихын танып білу және ішкі туризмді дамыту бағытында жүргізіп отырған жұмыстарын насихаттау мақсатында, «Үздік ашық сабақ» және «Сарайшық жеріне виртуалды саяхат» байқаулары өткізілді.

Байқау ережесіне сәйкес, қатысушылар ашық сабақтар презентациясы мен онлайн сабақтардың бейнероликтерін жолдады. Нәтижесінде:

1. «Үздік ашық сабақ» презентациялары бойынша:

I орын - Түпқараған ауданы, Ақшұқыр мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі Айманов Бауыржан Сагидуллаұлына;

II орын – Ақтау қаласы, №14 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Жексембаева Турганай мен Түпқараған ауданы, М.Горький атындағы мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі Дүйсалиев Арматқа;

III орын – Бейнеу ауданы, Опорный орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Артыкбаева Арайға, Жаңаөзен қаласы, №22 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Имангалиева Жадыраға және Ақтау қаласы, №21 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Балапанова Қалампырға;

IV орын – Маңғыстау ауданы, Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Тегисбаева Динараға, Ақтау қаласы,

№11 мамандандырылған физика-математика мектебінің тарих пәні мұғалімі мен Кемал Мейірімгүл мен Түпқараған ауданы, С.Шапағатов

атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі Есжанов Исламбекке берілді.

2. «Сарайшық жеріне виртуалды саяхат» туристік сабақтар бойынша:

I орын – Мұнайлы ауданы, №7 орта мектебінің география пәні мұғалімі Жолдыбаева Құндызға;

II орын - Бейнеу ауданы, Опорный орта мектебінің география пәні мұғалімі Юханова Мөлдір мен Жаңаөзен қаласы, №10 орта мектебінің география пәні мұғалімі Токсанова Гүлшараға;

III орын – Мұнайлы ауданы, №7 орта мектебінің география пәні мұғалімі Чыгырбаева Курбанайға, Жаңаөзен қаласы, Оқушылар шығармашылық үйінің «Туризм» үйірмесінің жетекшісі Губайдуллаева Акгүл мен Ақтау қаласы, №9 орта мектебінің «Өлкетану» үйірмесінің жетекшісі Дүйсенова Амангүлге;

IV орын – Маңғыстау ауданы, №7 мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі Таласова Гүлбаршынға, Жаңаөзен қаласы, Жаңаөзен мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі Бекетаева Айман мен Ақтау қаласы, И.Сүйеубаев атындағы №8 орта мектебінің «Өлкетану» үйірмесінің жетекшісі Оспанова Замираға берілді.

Жолдыбаева Құндыз Амангелдіқызының материалы:
https://www.youtube.com/watch?v=OomH4sFkcFg
Айманов Бауыржан Сағидуллаұлының материалы:
https://www.youtube.com/watch?v=q3s1RjxzWrE

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ «ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР МЕН КӨРКЕМСӨЗ» БАЙҚАУЫ

